

**2013 жылға арналған Бұланды ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 ақпандағы № 5С-14/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 наурызда № 3685 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 181 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 27.08.2014 № 181 хатымен).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8-тармағына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысының 2-тармағына сәйкес Бұланды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бұланды ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2013 жылға келесі әлеуметтік қолдау шаралары :

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
  - 2) тұрғын үй сатып алу немесе құрылысы үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит
- б о л ы п** **ұ с ы н ы л с ы н .**

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Кезектен тыс 14-сессияның</i>
<i>төрағасы</i>	<i>А.Алдабергенов</i>
	<i>Аудандық мәслихаттың</i>
<i>хатшысы</i>	<i>Ш.Құсайынов</i>
<i>"КЕЛІСІЛДІ"</i>	
<i>Бұланды ауданының әкімі</i>	<i>М.Балпан</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК